

ПАЙДАЛАНУШЫ  
НҰСҚАУЛЫҒЫ

# ТОҢАЗЫТҚЫШ және МҰЗДАТҚЫШ

Құрылғыны пайдаланбас бұрын пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және анықтама үшін оны әрқашан ыңғайлы жерде сақтаңыз.

KK ҚАЗАҚ RU РУССКИЙ



AFN36881842

MFL42818350  
Rev.14\_110320

[www.lg.com](http://www.lg.com)

Copyright © 2018 - 2020 LG Electronics Inc. All Rights Reserved

# МАЗМҰНЫ

Бұл нұсқаулықта сатып алған үлгіден өзгеше кескіндер немесе мазмұн болуы мүмкін.  
Бұл нұсқаулықты өндіруші түзете алады.

<b>ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....</b>	<b>3</b>
Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары .....	3
<b>ОРНАТУ .....</b>	<b>11</b>
Өлшемдер және саңылаулар.....	11
Қоршаған орта температурасы .....	11
Кері жүрісті есіктер.....	12
Жабдықтың орнын ауыстыру .....	18
Жабдықты жалғау .....	18
Құрылғының деңгейін туралау .....	18
<b>ПАЙДАЛАНУ.....</b>	<b>19</b>
Бөлшектер мен функциялар .....	19
Пайдалануға қатысты ескертпелер .....	21
Басқару панелі .....	23
Мұз науасы .....	25
*Балғындық конвертері .....	25
*Балғын көкөніс тартпасы .....	26
Жиналмалы сөре .....	26
Басқа функциялар .....	26
<b>СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ .....</b>	<b>27</b>
LG ThinQ қолданбасы .....	27
Smart Diagnosis .....	29
<b>ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ .....</b>	<b>30</b>
Тазалау бойынша ескертпелер.....	30
Есіктегі жәшікті тазалау .....	30
Сөрені тазалау .....	31
Көкөністер тартпасын тазалау .....	31
Мұздатқыш тартпасын тазалау .....	32
<b>АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ.....</b>	<b>33</b>
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАҚ .....</b>	<b>37</b>
<b>КЕПІЛДІК.....</b>	<b>38</b>

Қауіпсіздік нұсқаулары өнімге қауіп тудыра отырып, пайдалану және дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдардың алдын алуға арналған. Нұсқаулар төменде сипатталғандай «АБАЙЛАҒЫЗ» және «ЕСКЕРТУ» болып бөлінеді.

**⚠** Бұл таңба қауіп тудыратын жағдайлар мен жұмысты анықтау үшін көрсетіледі. Осындай таңбасы бар бөлімді мұқият оқып шығыңыз және қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.

## **⚠ АБАЙЛАҒЫЗ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

## **⚠ ЕСКЕРТУ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда өнімнің аз деңгейде зақымдалуы мен бұзылуын білдіреді.

## Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

### **⚠ АБАЙЛАҒЫЗ**

Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, зақымдау немесе адамды күйдіру қауіпінің алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

### Үйдегі балалар

- Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.
- Егер құрылғы құлыппен жабдықталған болса (кейбір модельдері ғана), кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.

## Орнату

- Бұл құрылғыны екі немесе одан көп адам абайлап көтеріп тасымалдауы қажет.
- Розетканың жерге дұрыс тұйықталғанын және қуат сымындағы жерге тұйықтау ашасының зақымдалмағанын немесе қуат ашасынан алынбағанын тексеріңіз. Жерге тұйықтау туралы қосымша мәліметтерді LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығынан сұраңыз.
- Бұл құрылғы жабдықты жерге тұйықтау өткізгішіне ие қуат сымымен және жерге тұйықтау ашасымен жабдықталған. Қуат ашасы барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және жерге тұйықталған тиісті розеткаға жалғануы керек.
- Қуат сымы зақымдалған немесе розетканың тесігі босап қалған болса, қуат сымын пайдаланбаңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.
- Жабдықты қуат кабелі жоқ (орнатылмаған) көп розеткалы адаптерге жалғауға болмайды.
- Қуат сымын өзгертпеңіз немесе ұзартпаңыз.
- Жабдық жеке сақтандырғышы бар арнайы қуат желісіне жалғануы тиіс.
- Жерге тиісті түрде тұйықталмаған (тасымалы) көп розеткалы ұяны пайдаланбаңыз. Тиісті түрде жерге тұйықталған (тасымалы) көп розеткалы ұяны пайдаланған жағдайда, кернеу қуаты нормаларға сай келетін немесе одан жоғары болатын розетканы қолданыңыз және оны тек жабдық үшін пайдаланыңыз.
- Бірнеше тасымалды розеткаларды немесе тасымалды қуат көздерін құрылғы артына орналастырмаңыз.
- Құрылғы тоқтан оңай ажыратуға болатын орынға орнатыңыз.
- Қуат сымының жоғары қаратылып тұруына және құрылғының қуат ашасына қисайып тұруына жол бермеңіз.
- Құрылғыны мықты және тегіс еденге орнатыңыз.
- Құрылғыны ылғал және шаң жерге орнатпаңыз. Құрылғыны кез келген сыртқы аймаққа, тікелей күн көзі, жел немесе жауын сияқты ауа райы жағдайларына ұшырайтын немесе нөлден төмен температуралы аймаққа орнатпаңыз немесе сақтауға қоймаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесіне немесе оны пештер мен жылыту құрылғылары сияқты жылу көздеріне жақындатпаңыз.



- Орнатқан кезде құрылғының артқы жағына тиіп кетпеді қамтамасыз етіңіз.
- Құрастыру немесе бөлшектеу кезінде құрылғы есігінің құлап кетпеуін қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы есігін құрастыру немесе бөлшектеу кезінде қуат сымын қыспаңыз, баспаңыз немесе зақымдамаңыз.
- Құрылғыны орналастыру барысында қуат сымы қысылмағанына немесе зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Ашалы адаптер немесе басқа да керек-жарақтарды тоқ көзіне жалғамаңыз.

## Пайдалану

- Құрылғыны тұрмыстық тағам сақтаудан басқа мақсатта (медициналық немесе сараптамалық материалдарды сақтау немесе тасымалдау) қолданбаңыз.
- Қатты жауын немесе найзағай кезінде немесе ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, тоқ көзінен ажыратыңыз.
- Ашаны немесе құрылғыны басқару бөліктерін ылғал қолдармен ұстамаңыз.
- Қуат сымын артық бүкпеңіз не оған ауыр зат қоймаңыз.
- Құрылғының электр бөліктеріне су кіріп кететін болса, қуат ашасын ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Салқын ауа шығаратын аймаққа, қақпағына немесе артындағы жылу шығаратын торына қолдарыңызды немесе металл заттарды салмаңыз.
- Құрылғының артқы қақпағына шамадан тыс күш немесе ықпал қолданбаңыз.
- Үй жануарлары сияқты жануарларды құрылғының ішіне салмаңыз.
- Құрылғы есігін ашқан немесе жапқан кезде, жаныңызда балалар болса, абайлаңыз. Есік балаға тиіп кетіп, зақымдауы мүмкін.
- Балалардың құрылғының ішіне кіріп кету қауіпін туғызбаңыз. Құрылғы ішіне кіріп кетсе, тұншығып қалуы мүмкін.
- Құрылғыға ауыр немесе сынғыш заттар, сұйықтықпен толтырылған контейнерлер, жанғыш, тұтанғыш заттар (балауыз, шамдар және т.б.) немесе жылыту құрылғыларын (пештер, қыздырғыштар және т.б.) қоюға болмайды.

- Егер газ (изобутан, пропан, табиғи газ, т.б.) шығып жатса, құрылғыны немесе қуат ашасын ұстамаңыз және бөлмені дереу желдетіңіз. Бұл жабдықта газ түріндегі хладагент (изобутан ,R600a) пайдаланылады. Пайдаланылатын газ көлемі аз болса да, ол әлі де оңай жанғыш газ болып табылады. Жабдықты тасымалдау, орнату немесе пайдалануда газ жылыстаған жағдайда ұшқын пайда болса, ол өртке жарылысқа немесе жарақатқа әкеліп соғуы мүмкін.
- Құрылғының жанында өртке қауіпті немесе жанатын заттарды (мыс., жанармай, алкоголь, химикаттар, сұйытылған көмірсутек газы, жанатын шашыратқыш, құрт-құмырсқаларды жоюға арналған құрал, ауаны сергіткіш, косметика, т.б.) қолданбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Өзге дыбыс, иіс немесе құрылғыдан түтін шығатын болса, дереу ашаны қуат көзінен ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Мұз дайындағыштың немесе диспенсердің суға арналған бағын тек ауыз суымен толтырыңыз.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Салқындатқыш сұйықтық айналымының түтіктерін зақымдап алмаңыз.
- Құрылғының ішіне электрондық құрылғыларды салмаңыз (мысалы, жылытқыш және ұялы телефон).

## Қызмет көрсету

- Құрылғыны тазаламас бұрын қуат сымын ажыратыңыз.
- Кез келген ылғалды және шаңды толығымен кетірген соң, розетка саңылауына қуат ашасын қауіпсіз етіп жалғаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ешқашан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз. Өрқашан қуат ашасын мықтап ұстап, розеткадан тіке тартып алыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін, оның ішкі немесе сыртқы жағына су не тұтанғыш заттарды (тіс пастасы, спирт, еріткіш зат, бензол, жанғыш сұйықтық, жыратын зат және т.б.) шашпаңыз.
- Құрылғыны щеткамен, шүберектермен немесе беттері қатты губкамен немесе металдан жасалған затпен тазаламаңыз.
- Құрылғыны тек LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығының білікті маманы бөлшектеу, жөндеу немесе өзгерту керек. Құрылғыны басқа орынға жылжитатын және орнататын болсаңыз, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.

- Құрылғының ішін кептіру үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз немесе иісін кетіру үшін ішіне шырақты қоймаңыз.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Өндіруші ұсынғаннан артық етіп, мұздату процесін үдету үшін механикалық құрылғыларды немесе басқа заттарды қолданбаңыз.

## Кәдеге жарату

- Құрылғыны тастаған кезде, сөрелер мен жәшіктерді орнында қалдырыңыз да, есік тығыздауышын шығарып алып, құрылғыны балалардан алыс жерге қойыңыз.
- Барлық бума материалдарын (мысалы, пластик қалталар мен пенопласт) балалардан алысқа тастаңыз. Бума материалдары тұншықтыруы мүмкін.

## Техникалық қауіпсіздік

- АБАЙЛАҢЫЗ! Желдеткіш саңылауларын құрылғы корпусында немесе кірістірілген құрылғыда кедергісіз қалдырыңыз.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Тоңазытқыштың ішінде электрлік құралдарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыда қолданылатын суытқыш агент пен оқшаулағыш газ арнайы процедураларға сәйкес жойылуы керек. Оларды жоймас бұрын техникалық қызмет жасайтын мамандардан немесе тағы басқа дәрежелі мамандардан кеңес алуыңыз жөн.
- Зақым белгілері көрініп тұрған құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Күмәндансаңыз, дилеріңізбен кеңесіңіз.
- Бұл құрылғы, үй және осыған ұқсас жағдайларда қолдануға арналған, мысалы:
  - дүкендер, кеңселер және басқа да жұмыс орындарындағы ас бөлмелерінде қызметкерлер қолданады;
  - фермаларда, қонақ үйлерде және тағы да басқа тұрғын үйлерде клиенттер қолданады;
  - жатын және таңғы ас дайындайтын бөлмелерде;
  - асханаларда және осыған ұқсас жерлерде бөлшек емес жағдайда қолдануға арналған.

## Өрт және тұтанғыш материалдар қатері



Бұл таңбалар тұтанатын және күтім жасамаған жағдайда өрт шығу себебі болатын тұтанғыш материалдар туралы ескертеді.

- Бұл жабдық аз көлемдегі изобутан хладагенті (R600a) болады, бірақ ол да оңай жанғыш болып табылады. Жабдықты тасымалдау және орнату кезінде тоңазыту тізбегінде ешбір бөлшектің зақымдалмағанына көз жеткізуіңіз қажет.
- Егер газ шығып жатқаны анықталса, ашық от көзі немесе от шығаратын заттардың болмауын қадағалаңыз және құрылғы тұрған бөлмені бірнеше тоқтың желдетіңіз. Тоңазыту тізбегінен газ шыққан жағдайда, тұтанғыш газ бен ауа қоспасы пайда болмауы үшін, құрылғы қолданылатын бөлменің өлшемі қолданылатын хладагент мөлшеріне сәйкес келуі керек. Құрылғының ішіндегі әрбір R600a хладагентінің 8 г-на бөлменің 1 м<sup>2</sup>-ы шақ келуі керек.
- Түтіктен ағатын салқындатқыш агент тұтануы немесе жарылыс туғызуы мүмкін.
- Осы құрылғының салқындатқыш сұйықтығының мөлшері құрылғы ішіндегі белгілері бар тақтайда көрсетіледі.

## Жарылғыш заттарды сақтауға тыйым салынады

- Бұл құрылғыда өртке қауіпті жанармайы бар аэрозоль банкалары сияқты жарылғыш заттарды сақтамаңыз.

## ЕСКЕРТУ

**Өнімді пайдаланған кезде адамдарға келетін қауіпті азайту, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуін болдырмау үшін келесі нұсқаулармен бірге негізгі нұсқауларды орындаңыз:**

### Орнату

- Тасымалдау кезінде құрылғыны тарту немесе итеру үшін оны еңкейтпеңіз.
- Құрылғыны жылжитқан кезде, қол немесе аяқ сияқты дене мүшесі қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

### Пайдалану

- Мұздатқыш бөлігіндегі металл бөліктерін немесе мұздап тұрған тағамды дымқыл немесе ылғал қолыңызбен ұстамаңыз. Ол қатып қалуға себеп болуы мүмкін.
- Әйнектен жасалған контейнерлерді, бөтелкелерді немесе банкаларды (әсіресе газдалған сусындары бар) нөлден төмен температурадағы мұздатқыш камераға, сөрелерге немесе мұз сақтау құтыларына салмаңыз.
- Жабдық есігінің алдыңғы жағындағы қыздырып шындалған шыны зақымдалуы мүмкін. Сынып қалған жағдайда оған қолыңызды тигізбеңіз.
- Құрылғы есігіне, сақтау бөлігіне, сөреге сүйкеніп тұрмаңыз немесе оған мінбеңіз.
- Есік жәшіктерінде тым көп су бөтелкелерін немесе гарнирлерге арналған контейнерлерді сақтамаңыз.
- Үй жануарларының қуат сымын шайнап тастауына мүмкіндік бермеңіз.
- Құрылғы есігін артық күшпен ашпаңыз немесе жаппаңыз.
- Жабдықтың есігіндегі топса зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істемесе, жабдықты пайдалануды тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Шыны сөрелерін немесе қақпақтарын олар салқын кезде жылы сумен тазаламаңыз.
- Ешқашан мұздатқыштан алынған қатып тұрған тағамдарды дереу жемеңіз.
- Құрылғы есігін ашқанда қол немесе аяқты қысып алмаңыз.

## Қызмет көрсету

- Сөрелерді астын үстіне қаратып салуға болмайды. Олар құлап кетуі мүмкін.
- Құрылғының мұзын алу үшін LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Тоқ өшіп қалған кезде, мұздатқыштан мұз сауытындағы мұзды алып тастаңыз.

## Жүкті сақтау

- Құрылғыны үй-жайлардан тыс немесе ауа райының қолайсыздығына орай, тікелей әсерге ұшырайтын (тікелей күн сәулесі, жел, жауын-шашын немесе ауа температурасы нөл градустан төмен) сақтамаңыз.

## Жүкті тасымалдау

Бұйымды көліктің қағидаларына сәйкес кез келген түрімен тасымалдауға болады.




- Тасымалдау зақымды келдірмейтіндей жүзеге асырылуы тиіс.
- Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде бұйымға зақым келтіруге тыйым салынады.

## Тауарды өткізу

- Өнімдерді сату және өткізу еліміздің заңнамасында белгіленген ережелерге сай жүзеге асырылады.

## Өлшемдер және саңылаулар

Құрылғы қасындағы нысандарға дейінгі қашықтық аз болса, ол мұздату мүмкіндігінің нашарлауына және электр шығындарының артуына алып келуі мүмкін. Құрылғыны орнатып жатқан кезде, оның қасындағы әр қабырғаға дейінгі қашықтық 50 мм болуы тиіс.



	A түрі				B түрі			
	Ойық тұтқа		Ұстағыш тұтқа		Ойық тұтқа		Ұстағыш тұтқа	
	Өлшемі [мм]							
A	595	595	595	595	595	595	595	595
B	1860	2030	1860	2030	1860	2030	1860	2030
C	676	676	731	731	682	682	737	737
D	9	9	9	9	15	15	15	15
E	667	667	667	667	667	667	667	667
F	-	-	703	703	-	-	722	722
G	1124	1124	1124	1124	1130	1130	1130	1130
H	995	995	995	995	995	995	995	995

## Қоршаған орта температурасы

- Құрылғы климаттық зонаға байланысты, қоршаған орта температураларының шектеулі ауқымында пайдалануға арналған.
- Құрылғының ішкі температурасы оның орналасқан жеріне, қоршаған орта температурасына, есігінің ашылу жиілігіне және тағы басқаларына байланысты өзгереді.
- Құрылғының климаттық класы оның техникалық жапсырмасында берілген.

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасының ауқымы °C
SN (Өте шектеулі)	+10 – +32
N (Шектеулі)	+16 – +32
ST (Субтропикалық)	+16 – +38
T (Тропикалық)	+16 - +43 / +10 - +43*

\*Австралия, Индия, Кения

## ЕСКЕРТПЕ

SN-ST дәрежесіндегі жабдықтар 10°C – 38°C градус аралығындағы ортада пайдалануға арналған.

## Кері жүрісті есіктер

Құрылғы асүй дизайнына үйлесімді немесе қалаған жаққа ашылатындай үйлесімді болатын, өзіңіз есікті айналдыра алатындай етіп айналмалы есікпен жасалған.

### **⚠** ЕСКЕРТУ

- Есіктерді кері жүргізген кезде бұранда қақпақтар, бұрандалар және ілмек сияқты барлық кішкентай бөлшектерді қауіпсіздік ретінде балалардан аулақ ұстаңыз.
- Есіктерді кері жүргізу алдында, құрылғыларды ажыратып, тамақ пен серелер мен тартпалар сияқты барлық алынатын аксессуарларды тоңазытқыштан алып тастаңыз.
- Есіктерді айналдыру барысында абай болыңыз, себебі құрылғы есіктері ауыр.

### ЕСКЕРТПЕ

- Өкілетті қызмет көрсететін орталыққа хабарласу ұсынылады. Кепілдік есіктерді кері жүргізу барысында пайдаланушылар келтірген зақымдарға қолданылмайды.


## Кері жүрісті есіктер үшін қажетті құралдар ( жеткізілім жиынтығына қосылмаған )

a




10 мм, 6мм ілмекті сомын кілті (үстіңгі ілмек үшін)

b




5 мм алты қырлы кілт (ортаңғы, астыңғы ілмек үшін)

c



Айқас пішінді бұранда


d



Тегіс бұрағыш


## Аксессуарлар

e



Топсаның қақпағы (L)

f



Астыңғы ілмек (L)

g




Астыңғы бұранда саңылауын жасыратын жабысқақ қағаз



## Тұтқаны алып тастау

Үлгілері: GA-B509B\*\*\*/GA-B459B\*\*\*


- 1 Бұрауышты пайдаланып, қақпақты алыңыз тұтқалардың артқы жағындағы бұрандалар




- 2 Тұтқа бұрандаларын босатыңыз.
- 3 Тұтқаны алып тастап, қауіпсіз жерге қойыңыз.

## Тоңазытқыштың есігін алу


- 1 Тоңазытқыш есігін ашып. Сым електі және тоңазытқыш есігінің бұрыштық қаптамасын шешіп ажыратыңыз.




- 2 Сым електің қарсы бетіндегі бұрыштық қаптаманы шешіп алып, олады қауіпсіз жерге қойыңыз.




- 3 Тоңазытқыш есігінің сым елегіндегі сымдарды ажыратыңыз.




- 4 Үстіңгі топсаның қақпағын көтеріп, оны абайлап суырып алыңыз.




- 5 Үстіңгі ілмек бұрандаларын толық босатыңыз.




- 6 Абайлап көтеріп, тоңазытқыш есігін алып тастау үшін оны суырып алыңыз.




- 7 Алдыңғы бұрыштық тақтаны алып тастаңыз бұрағыш арқылы




- 8 Бұрандалары босаған алдыңғы қаптаманы алып тастаңыз.



- 9 Сымдарды қарсы бағытқа қарай тартып, алдыңғы қаптаманы сәйкестендіріңіз.




- 10 Бұрандаларды тартып бұрау ақылы алдыңғы қаптаманы бекітіңіз. Алдыңғы бұрыштық қаптаманы қарсы бетке енгізіңіз.




### Мұздатқыштың есігін алу


- 1 Ортаңғы ілмектің бұрандаларын босатыңыз. Мұздатқыштың есігіне бекітілген ортаңғы ілмекті алып тастаңыз.




- 2 Абайлап көтеріп, мұздатқыштың есігін алып тастау үшін оны суырып алыңыз.



- 3 Ортаңғы ілмектің қарсы бетіне жалғанған ортаңғы бұранда қақпағын алып тастаған соң, оны қарсы бетке жалғаңыз.




- 4 Астыңғы ілмектің бұрандаларын босатып, қауіпсіз жерге қойыңыз. Қарсы беттегі бұранда саңылауларын жасыру үшін, бұранда мен жабысқақ қағазды (Бөлек берілетін) бекітіңіз.



## Тіреуішті, төлкені және тоқтатқышты айналдыру әдісі (Тоңазытқыштың дә және мұздатқыштың да есіктеріне қолданылады)


### Тіреуішті, төлкені және тоқтатқышты бекіту реті

- 1 Тоңазытқыш және мұздатқыш есіктерін айналдырылған бағытта орнатыңыз.
- 2 Жинаққа бекітілген екі бұранданы босатыңыз.
- 3 Тіреуішті 1, төлкені 2 және тоқтатқышты 3 бөлшектеңіз.



### Тіреуішті, төлкені және тоқтатқышты қайта бекіту реті

- 1 Тіреуішті 1 айналдыратын бағытта орналастырыңыз.
- 2 Төлкені 2 және тоқтатқышты 3 бекітіңіз.
- 3 Бұрандаларды тартып байлау арқылы жинақты бекітіңіз.




## Мұздатқыштың есігін қайта жалғау


- 1 Бұрандаларды қарсы бетке тартып байлау арқылы астыңғы ілмекті (L) бекітіңіз.




- 2 Мұздатқыш есігінің үстіндегі саңылау қақпағын алып тастап, оны қарсы бетке бекітіңіз.




- 3 Айналырған ортаңғы ілмекті мұздатқыш есігіне бекітіңіз.



- 4 Ортаңғы ілмекке бекітілген мұздатқыш есігін көтеріп, оны қарсы беттегі астыңғы ілмекке бекітіңіз.




- 5 Мұздатқыш есігін құрылғыға жалғау үшін, бұрандаларды тартып байлау арқылы айналдырылған ортаңғы ілмекті бекітіңіз.




## Үстіңгі ілмекті айналдыру

- 1 6 мм сомын кілттің көмегімен иініректі босатыңыз.




- 2 Үстіңгі ілмекті айналдырып, 6 мм сомын кілттің көмегімен иінтіректі қайта бекітіңіз.




### Тоңазытқыш есігін қайта жалғау


- 1 Тоңазытқыш есігін көтеріп, оны қарсы орындағы ортаңғы ілмекке жалғаңыз.



- 2 Тоңазытқыш есігін бекітіп, бұрандаларды тартып байлау арқылы айналдырылатын үстіңгі ілмекті бекітіңіз.




- 3 Электр сымдарын қосыңыз.




- 4 Үстіңгі топса қақпағының (L) ішкі ілгішіне сымдарды бекітіп, оны қақпақтың үстіңгі бөлігін басып бекітіңіз.

- Барлық сымдар коннекторға кептеліп қалмауы тиіс. Топсаның қақпағын (L) пайдаланып алдымен дұрыс жағын енгізіңіз.



- 5 Сымдарды қақпақтың кабельдік каналына салыңыз.


Сым електі және мұздатқыш есігінің бұрыштық қаптамасын бекітіңіз. Сымдарды қыспаңыз.



## Тұтқаны қайта жалғау

Үлгілері: GA-B509B\*\*\*/GA-B459B\*\*\*

- 1 Бұрандаларды мұздатқыштың қарсы бетіне қайта тартып байлау арқылы тұтқаны қайта жалғаңыз.
- 2 Бұранда қақпағын жалғау арқылы бұранданы жасырыңыз.



## Жабдықтың орнын ауыстыру

- 1 Жабдықтың ішіндегі барлық азық-түлікті алып тастаңыз.
- 2 Қуат ашасын шығарып, оны құрылғының артқы немесе жоғарғы жағындағы қуат ашасының ілгегіне енгізіп, бекітіңіз.
- 3 Жабдықты тасымалдау кезінде түсіп қалмауы үшін сөрелер мен есік тұтқасы сияқты бөлшектерді таспамен бекітіңіз.
- 4 Жабдықты кем дегенде екі адам абайлап жылжытуы тиіс. Жабдықты ұзақ қашықтыққа тасымалдағанда, оны тік күйде ұстаңыз.
- 5 Құрылғыны орнатқаннан кейін, құрылғыны қосу үшін қуат ашасын розеткаға жалғаңыз.

## Жабдықты жалғау

Құрылғыны орнатқаннан кейін, қуат ашасын розеткаға жалғаңыз.


### ЕСКЕРТПЕ

- Қуат көзінің сымын (немесе ашасын) розеткаға қосқан соң, азық-түлікті жабдыққа 2 немесе 3 сағат өткеннен кейін қойыңыз. Жабдық толық суымай тұрып, азық-түлікті қойсаңыз, азық-түлік бұзылып кетуі мүмкін.

## Орнату үшін ескертулер


- Тоңазытқышты жылу көздерінің жанына, тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе ылғалдығы жоғары жерге қоймаңыз.
- Құрылғыны мықты және тегіс еденге орнатыңыз.
- 1-суретте көрсетілгендей, шектеу тіректерін тоңазытқыштың артқы қабырғасының жоғарғы бұрышына орнатыңыз. Бөлшектері тоңазытқыш жинағымен бірге жеткізіледі.
- Шектеу тіректері тоңазытқыш жұмысының асқан тиімділігі үшін орнатылуы қажет.

Сурет 1. Шектеу тіректерін орнату




## Құрылғының деңгейін туралау

Тоңазытқыштың дірілдемеуі үшін, оның бір деңгейде тұрғандығын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда, еденнің тегіс емес жерлерін толтыру үшін аяқтарын реттеңіз. Есіктің дұрыс жабылуы үшін тоңазытқыш сәл артқа шалқайып тұруы қажет. Реттелмелі аяқтарды бұрау үшін, тоңазытқышты аздап шалқайтыңыз. Тоңазытқыштың алдыңғы бөлігін көтеру үшін реттелмелі аяқтарды сағат тіліне қарсы (↺), ал төмен түсіру үшін сағат тілі бойынша (↻) бұраңыз.



## Бөлшектер мен функциялар



### 1 \*Смарт диагностикалық құрылғы

Құрылғы дұрыс жұмыс істемегенде немесе ақаулық пайда болғанда диагностиканың дұрыс жасалуы үшін LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа хабарласқан кезде осы функция пайдаланылады.

### 2 ЖШД шамы

Құрылғының ішіндегі ЖШД шамдары есік ашылған кезде жанады.

### 3 Тоңазытқыш сөресі

Бұл тоңазытылған тағамдар мен басқа заттар сақтауға үшін арналған орын.

- Сөре биіктігін басқа биіктіктегі ойыққа енгізу арқылы баптауға болады.
- Ылғалдылығы қатты тағамдарды сөренің алдыңғы жағында сақтаңыз.
- Сөрелердің нақты саны үлгісіне байланысты өзгеріп отырады.

### 4 \*Бөтелке сөресі

Бұл – ішімдікке арналған ұзын бөтелкелерді немесе контейнерлерді сақтайтын орын.

**5 \*Жиналмалы сөре**

Осы жерде тоңазытылған азық-түліктер мен әртүрлі заттар сақталады.

**6 \*Балғын көкөніс тартпасы**

Жеміс-жидектер мен көкөністер балғындығын сақтау үшін ылғалдылық контроллері арқылы реттеліп, осы жерде сақталады.

- Құрылғының беті немесе бөліктері үлгі түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

**7 \*Балғындық конвертері**

Салқындату бөлімі ретінде, осы жерде ет, балық және көкөністер сақталады.

- Қосымша орын босату үшін, салқындату аймағын салқындату бөлімінің тартпасынсыз пайдалануға болады.

**8 Жылжымалы жұмыртқа науасы**

Осы жерде жұмыртқаларды сақтайды.

- Осыны жылжытып, қалағаныңыздай қажетті орында пайдалана аласыз. Дегенмен, оны мұз контейнері ретінде пайдаланбаңыз, тоңазытқыштың үстіңгі сөресіне немесе көкөністер суырмасының үстіне қоймаңыз.

**9 Тоңазытқыш есігіндегі жәшік**

Бұл тоңазытылған тағамдар, сусындар мен тұздықтар контейнерлерінің кішкентай бумалары сақталатын орын.

**10 \*Мұз науасы**

Осы жерде мұз жасалып, сақталады.

- Қосымша орын босату үшін, мұз науасын немесе мұз текшелерінің шелегін алып тастаңыз.

**11 Тоңазытқыш тартпасы**

Бұл қатырылған заттарды ұзақ уақытқа сақтау бөлігі.

** ЕСКЕРТУ**

- Бөтелке сөресінде қысқа бөтелкелерді немесе контейнерлерді сақтамаңыз. Заттар құлап, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына себеп болуы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

( \* ) : Осы мүмкіндік сатып алынған модельге байланысты әртүрлі.

- Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін. Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.



## Пайдалануға қатысты ескертпелер

- Есік толық жабылмаса, жаз кезінде ылғалдылық жоғары болса немесе мұздатқыш есігі жиі ашылатын болса, мұздың түзілуі мүмкін екендігін есте сақтауыңыз керек.
- Есіктің толық жабылуы үшін сөреде сақталған тағам немесе есік арасында жеткілікті бос орын қалу керек.
- Есікті ашу құрылғы ішіне жылы ауаның кіруіне мүмкіндік беріп, ішкі температураның көтерілуін туғызуы мүмкін.
- Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы өшірулі күйде қалдырсаңыз, оның ішіндегі барлық азық-түліктерді шығарып, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз. Құрылғы ішінде зең басуды болдырмас үшін, оның ішін тазалап, есіктерін кішкене ашық күйде қалдырыңыз.

## Қуат үнемдеуге қатысты ұсыныс

- Сақталған тағамдар арасында жеткілікті бос орын болуын қамтамасыз етіңіз. Бұл ауаның тегіс айналуына мүмкіндік береді және электр энергиясын тұтыну шоттарын азайтады.
- Буланудың немесе қатып қалудың алдын алу үшін ыстық тағамды салқындатып барып салыңыз.
- Мұздатқыш ішінде тағамды сақтаған кезде, тоңазытқыш температурасын азықта көрсетілген температурадан төмен етіп орнатыңыз.
- Тағамды тоңазытқыштың температура датчигінің жанына қоймаңыз. Датчиктен кемінде 3 см қашықтық қалдырыңыз.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларында рұқсат етілген ауқымда мұзы ерітілген соң, температураны көтеру қажеттігін ескеріңіз. Температураның көтерілуіне байланысты тағамды сақтауға ықпалды азайтуды қаласаңыз, сақталған тағамды бірнеше қабатқа нығыздап салыңыз немесе ораңыз.
- Құрылғының автоматты мұздату жүйесі қалыпты жұмыс істеу режимінде оның сөрелеріне мұздың жиналмауын қамтамасыз етеді.

## Тоңазытқыш жұмысының ерекшеліктері

- Тоңазытқыш құрамдас бөліктерінің температуралық деформацияларының нәтижесінде, шыртылдау естілуі мүмкін. Терморегулятор және компрессордың өшуіне тән дыбыстар құрылғы электр жабдығының жұмысы барысында пайда болатын қалыпты дыбыстар болып табылады. Салқындату жүйесінің ішінде айналып таралатын хладагент, компрессор жұмыс істемесе де бүлкілдеуі мүмкін. Алаң болмаңыз, бұл қалыпты жағдай. Тоңазытқыштың жұмысы барысында келесілер естілуі мүмкін:
  - компрессор жұмысының дыбысы;
  - желдеткіш қанатшаларының дыбысы;
  - NO FROST ауа салқындату жүйесі ағынының дыбысы;
  - реленің қосылу дыбысы;
  - ауа желісінің ашылу және жабылу кезіндегі ызыл.
  - тоңазытқыш жүйесінің құбырлары бойынша айналатын хладагент шуылы;
  - материалдардың температуралық деформациясы кезіндегі шыртылдау.
 Аталған дыбыстардың ақауға қатысы жоқ және олар функционалды сипатқа ие.

## Тағамдарды тиімді түрде сақтау

- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды жабық контейнерлерде сақтаңыз.
- Тағамды құрылғыда сақтамас бұрын мерзімі аяқталу күні мен жапсырмасын (сақтау нұсқаулары) қараңыз.
- Ол төмен температурада оңай бұзылатын болса, тағамды ұзақ мерзімге (4 аптадан ұзақ) сақтамаңыз.
- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды сатып алған соң дереу тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың ішіне салыңыз.
- Толығымен еріп кеткен тағамды мұздатпаңыз. Толығымен еріген тағамды қайтадан мұздату оның дәмін және құнарлылығын төмендетеді.
- Көкөністерді газетпен орамаңыз және олай сақтамаңыз. Газетте басылған материал не басқа заттар тағамдарға жағылып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны шамадан тыс толтырмаңыз. Егер құрылғы шамадан тыс толып кетсе, салқын ауа дұрыс айналмауы мүмкін.
- Тағам үшін тым төмен температураны орнататын болсаңыз, ол қатып қалуы мүмкін. Бастапқы температурадан төмен температураны орнатпаңыз.
- Қосымша орын босату үшін, бөтелке сөресін, жұмыртқа науасын, мұз науасын және балғындық конвертер суырмасын алып тастауға болады.

## Ең жоғарғы мұздату көлемі

- Жылдам мұздату функциясы мұздатқышты максималды мұздату мүмкіндігіне орнатады. Бұл әдетте 24 сағатқа дейін уақытты алып, автоматты түрде өшеді.
- Егер максималды мұздату сыйымдылығы пайдаланылса, Жылдам мұздату функциясы мұздатқыш ішіне жаңа азық-түлікті салмастан бұрын жеті сағат ішінде қосылып тұруы қажет.

## Максималды сақтау

- Ауа айналымы жақсы болуы үшін, барлық тартпаларды салыңыз.
- Көп мөлшердегі азық сақталуы керек болса, басқа барлық мұздатқыш тартпалары құрылғыдан алынуы керек және азық тікелей мұздатқыш бөліміндегі мұздатқыш сөрелеріне қойылуы тиіс.


## ЕСКЕРТПЕ

- Тартпаларды шығару үшін, алдымен тартпалардағы тағамды шығару керек. Содан кейін тартпалардың тұтқаларын пайдаланып, тартпаларды абайлап шығарыңыз. Жарақат алу қауіпі бар.
- Әрбір тартпаның пішіні әртүрлі болуы мүмкін, әрқайсысын өз орнына қойыңыз.

## Басқару панелі


### Құралдар мен функциялары

#### <1-түрі> Тоңазытқыш есігінде



түрі (a)

#### <2-түрі> Тоңазытқыштың ішінде



түрі (b)

#### 1 Fridge Temperature (Тоңазытқыш температурасы)

- Бұл тоңазытқыштың бастапқы температурасын орнатады.

#### 2 \* Express Cool (Жылдам салқындату)

- Бұл жылдам салқындату функцияларын орнатады.

#### 3 Freezer Temperature (Мұздатқыш температурасы)

- Бұл мұздатқыштың бастапқы температурасын орнатады.

#### 4 \* Express Freeze (Жылдам мұздату)

- Бұл жылдам мұздату функцияларын орнатады.

#### 5 Eco Friendly (Экологиялық зиянсыз)

- Қуат шығынын азайту үшін қуатты үнемдеу режимін басқарады.

#### 6 \* Wi-Fi

- Бұл тоңазытқышты үйіңіздегі Wi-Fi желісіне қосады.

#### 7 \* Lock (Құлыптау)

- Басқару панеліндегі түймелерді құлыптайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Әр үлгіде өзінің нақты басқару панелі бар.
- Қуатты үнемдеу үшін басқару тақтасы автоматты түрде өшіріледі.
- Басқару тақтасын тазалағанда абайлаңыз, себебі саусақтар немесе тері арқылы түймелер байқасуыз іске қосылуы мүмкін.
- Функцияларды қосу/өшіру үшін, мәтіннің ортасын дыбыс естілгенше немесе ЖШД индикаторы қосылғанша/өшкенше басып тұрыңыз.

## Температураны орнату

Бұл тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың температурасын орнатады.

- Температураны реттеу үшін **Fridge** түймесін немесе **Freezer** түймесін басыңыз.
- Температураны реттеуге болады.
  - Тоңазытқыш : 1 °C және 7 °C аралығы
  - Мұздатқыш: -15 °C және -23 °C аралығында
- Бастапқы температура орнатылған.
  - Тоңазытқыш : 3 °C
  - Мұздатқыш: -18 °C

Нақты бастапқы температура тағам күйіне байланысты өзгеріп отырады, көрсетілген температура мақсатты температура болып табылады, ол құрал ішіндегі нақты температура емес.

### ЕСКЕРТПЕ

- Әдепкі температура параметрі құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін.
- Құрылғының ішіне тағам қоймас бұрын, құрылғыны розеткаға жалғағаннан кейін 2 немесе 3 сағат күтіңіз.
- Қалыпты ауа райы жағдайларында мұз жасау үшін, мұздатқыш температуралары -18°C немесе одан салқын температураға орнатылуы керек.

## Жылдам мұздатуды орнату

Функция мұздың көп мөлшерін немесе қатқан тағамдарды жылдам мұздатуы мүмкін.

- **Express Freeze** түймесін үш секундқа басып тұрғанда, басқару тақтасындағы **Express Freeze** белгішесі жанады.
- Функция түймені әрбір басқан сайын қосылады және өшіріледі.
- Жылдам мұздату функциясы белгілі бір мерзім өткен соң автоматты түрде тоқтайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- **Express Freeze** мүмкіндігі қосылғанда, шуыл шығуы және қуат тұтыну артуы мүмкін.

## Жылдам салқындатуды орнату

Функция көкөніс, жеміс және басқа өнімдер сияқты азық-түліктердің үлкен мөлшерін жылдам салқындатуға болады.

- **Express Cool** түймесін үш секундқа басып тұрғанда, басқару тақтасындағы **Express Cool** белгішесі жанады.
- Функция түймені әрбір басқан сайын қосылады және өшіріледі.
- Жылдам салқындату функциясы белгілі бір мерзім өткен соң автоматты түрде тоқтайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Жылдам салқындату мүмкіндігі қосылғанда, шуыл шығуы және қуат тұтыну артуы мүмкін.

## Экологиялық

### зиянсыз функциясын орнату

- Бұл функция тоңазытқыш-мұздатқышты қуат үнемдеу режимінде жұмыс істетеді және қуат тұтынылуын азайтқандықтан демалысқа кеткенде пайдалы болып табылады.
- **Eco Friendly** түймесі басылғанда, жұмыс қосулы шаммен басталады, ал қайта басқанда, жұмыс тоқтатылады.
- **Eco Friendly** режимі қосулы болғанда, басқа түймелер қызмет етпейді. **Eco Friendly** режимін пайдаланып болғанда, басқа түймелер жұмыс істемей, тоңазытқыш өзінің алдыңғы температура параметріне оралатындай етіп режимді өшіріңіз.

## Құлыптауды орнату және ысыру

Басқару панеліндегі түймелерді құлыптайды.


- **Lock** түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Құлыптау функциясы орнатылғанда, барлық түймелер құлыпталады.

### ЕСКЕРТПЕ

Кез келген басқа функцияларға өту алдында құлыптау функциясын өшіруіңіз керек.

## \* Мұз науасы

Мұз науасына су құйыңыз.



- Ішетін сумен ғана толтырыңыз.
- Мұз науасына су құю алдында, оның ішінде мұз қалмағанын тексеріңіз.
- Мұз науасына су толтырғаннан кейін мұздатқыш есігін қатты жаппаңыз.
- Егер мұздатқыш есігін жиі ашып-жапсаңыз, судың қатуына ұзақ уақыт кетуі мүмкін.
- Судың қатуына кететін уақыт маусымға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Бастапқы орнатудан кейін, құрылғының ішіндегі температураның тұрақтануына 24 сағатқа дейін уақыт кетуі мүмкін. Осыған байланысты судың қатуына ұзағырақ уақыт кетуі мүмкін.
- Мұзды ұстағанда абай болыңыз, себебі мұздың жиектері өткір болуы мүмкін.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер мұз науасы шамадан тыс толып кетсе, мұз бір-біріне жабысып, алу қиын болуы мүмкін.
- Жылдам мұз жасау үшін басқару тақтасында **Express Freeze** түймесін басыңыз.
- Толық қатырылмаған мұзды сақтамаңыз. Қатырылмаған су мұздың жиналуына әкелуі мүмкін.
- Мұз науасын бұрағанда тым артық күш салмаңыз. Олай істеу мұз науасын бұзуы мүмкін.
- Мұзды оңай алу үшін, мұз науасына суды алдын ала толтырыңыз.

## \* Балғындық конвертері

Салқындату аймағы ретінде, бөлімге қарсы орналасқан ❶ иінтірегін кез келген бағытта сырғыту арқылы балғындық конвертердегі температураны бақылауға болады.

Ет немесе балық тағамдарын жасағаннан кейін көкөністерді сақтау салқын жарақаттануға әкелуі мүмкін.




- ❷ Көкөністер сақтау.
- ❸ Балық сақтау.
- ❹ Ет сақтау.

## ЕСКЕРТПЕ

( \* ): Осы мүмкіндік сатып алынған модельге байланысты әртүрлі.

## \*Балғын көкөніс тартпасы

Көкөніс сақтайтын бөліктегі ылғалды ① тұтқасын жылжыту арқылы реттеуге болады.



- ② Көкөністер сақтау.
- ③ Жеміс сақтау.

### ЕСКЕРТПЕ

(\*): Осы мүмкіндік сатып алынған модельге байланысты әртүрлі.

## Жиналмалы сөре

Галлон контейнер немесе бөтелкелер сияқты ұзын заттарды сақтау үшін сөренің алдыңғы жартысын сөренің артқы жартысының астына қарай итеріңіз. Толық сөрені қайтару үшін сөренің алдыңғы жағын тартыңыз.

- 1 Сөренің алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігіне ауыстырыңыз.



- 2 Сөренің алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігіне қайта ауыстырыңыз. Осы орыннан сөренің екі жағына да алып, бос орын жасауға болады.



## Басқа функциялар

### Есік ашық дабылы

Егер есік (тоңазытқыш бөлігі) бір минут бойы ашық қалса немесе дұрыс жабылмаса, 30 секундтық аралықпен дабыл 3 рет дыбыстық сигнал береді.

- Дыбыстық сигнал есікті жапқаннан кейін де естілсе, LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа хабарласыңыз.

### Ақаулықты анықтау

Құрылғы пайдалану кезінде ақаулықтарды автоматты түрде анықтай алады.

- Ақаулық туындаса, құрылғы жұмыс істемейді және түйме басылғаннан кейін де қате коды көрсетіледі.
- Егер бұл орын алса, қуатты өшірмеңіз, дереу LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпарат орталығына хабарласыңыз. Егер қуатты өшірсеңіз, LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпарат орталығының жөндеу бойынша техник-маманына ақаулықты табу қиынға соғуы мүмкін.

## LG ThinQ қолданбасы

Бұл функция тек Wi-Fi желісі бар үлгілерде қолжетімді.

**LG ThinQ** құрылғысы смартфон арқылы құрылғымен байланысуға мүмкіндік береді.

## LG ThinQ қолданбасының функциялары

Ыңғайлы смарт функцияларды пайдаланып, смартфонның арқылы құрылғыңызды басқарыңыз.

### Smart Diagnosis

- Құрылғыны пайдалану кезінде мәселе болса, бұл Smart Diagnosis мүмкіндігі сізге мәселені диагностикалауға көмектеседі.

### Параметрлер

- Құрылғы мен қолданбада әртүрлі опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.


### ЕСКЕРТПЕ

- Егер сымсыз роутеріңізді, интернет провайдеріңізді немесе құпия сөзді ауыстыратын болсаңыз, **LG ThinQ** қолданбасынан тіркелген құрылғыны жойып, оны жаңадан тіркеңіз.
- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Ерекшеліктері үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.


## LG ThinQ қолданбасын пайдалану алдында

- 1 Құрылғы мен сымсыз бағдарлауыш арасындағы қашықтықты (Wi-Fi желісін) тексеріңіз.
  - Жабдық пен сымсыз роутер арасы тым алыс болса, сигнал беру деңгейі әлсірейді. Тіркеуге көп уақыт кетуі мүмкін немесе жабдық орнатылмауы мүмкін.

- 2 Смартфоныңыздағы **Мобильді интернет** немесе **Сотовые данные** функциясын өшіріңіз.



- 3 Смартфоныңызды сымсыз роутерге қосыңыз.



### ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi байланысын тексеру үшін басқару панеліндегі  белгішесі жанып тұрғанын тексеріңіз.
- Құрылғы 2,4 Гц Wi-Fi желілерімен ғана жұмыс істейді. Желінің жиілігін анықтау үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе сымсыз бағдарлауыштың нұсқаулығын қараңыз.
- **LG ThinQ** қолданбасы желілік байланысқа немесе желілік байланысқа қатысты қандай да бір ақаулыққа, олқылықтарға немесе қателіктерге жауапты емес.
- Егер құрылғыны Wi-Fi желілеріне қосуда қандай да бір қиындықтар туындаса, ол көп жағдайда роутерге байланысты емес. Wi-Fi сигналының қуатын жақсарту үшін, Wi-Fi репитерін (диапазон кеңейткіші) сатып алыңыз.
- Үйдегі желі ортасына байланысты Wi-Fi байланысы қосылмауы мүмкін немесе ажырап кетуі мүмкін.
- Желілік байланыс интернет қызметінің провайдеріне байланысты да дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Айналадағы сымсыз орта сымсыз желі қызметін баяулатуы мүмкін.
- Сымсыз сигналды тарату жүйесіндегі ақаулыққа байланысты, жабдықты тіркеу мүмкін емес. Жабдықты электр жүйесінен ажыратып, әрекетті қайталамас бұрын бір минуттай күтіңіз.


- Сымсыз роутердегі брендмауэр қосулы болса, оны өшіріңіз немесе оны ерекше жағдай ретінде қосыңыз.
- Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
- Смартфонның пайдаланушы интерфейсі (UI) телефонның операциялық жүйесіне (OS) және өндірушіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер роутердің қауіпсіздік протоколы **WEP** күйіне орнатылған болса, желіні орната алмауыңыз мүмкін. Оны басқа қауіпсіздік протоколдарына өзгертіңіз (**WPA2** ұсынылады) және өнімді қайтадан тіркеңіз.

## LG ThinQ қолданбасын орнату

Google Play & Apple App дүкенінен немесе смартфоннан **LG ThinQ** қолданбасын ізденіңіз. Жүктеу үшін нұсқауларды орындап, қолданбаны орнатыңыз.

- Жүктеу үшін нұсқауларды орындап, қолданбаны орнатыңыз.

## Wi-Fi желісіне қосылу

**Wi-Fi** түймесі **LG ThinQ** қолданбасымен пайдаланғанда, құрылғыны үйдегі Wi-Fi желісіне қосуға мүмкіндік береді.  белгішесі құрылғының желілік байланыс күйін көрсетеді. Құрылғы Wi-Fi желісіне қосылған кезде белгіше жанады.

### Құралды алғаш рет тіркеу

- Құралды тіркеу үшін, **LG ThinQ** бағдарламасын іске қосып, ішіндегі нұсқауларды орындаңыз.

### Құралды қайта тіркеу немесе басқа пайдаланушыны тіркеу

- Уақытша өшіру үшін, **Wi-Fi** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Құралды тіркеу үшін, **LG ThinQ** бағдарламасын іске қосып, не надо писать нұсқауларды орындаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi функциясын өшіру үшін **Wi-Fi** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.  белгішесі өшеді.

## Сымсыз LAN модулінің сипаттамалары

<b>Моделі</b>	LCW-004
<b>Жиілік диапазоны</b>	2412 - 2472 МГц
<b>Шығыс қуаты (макс.)</b>	IEEE 802.11b:17.82 dBm IEEE 802.11g:17.72 dBm IEEE 802.11n:16.61 dBm

Сымсыз функцияның Б/ж нұсқасы: V 1.0

Пайдаланушының назарына, бұл құрылғы құрылғы мен дене арасындағы минималды 20 см қашықтықта орнатылып, пайдаланылуы керек.

## Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат


Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін <http://opensource.lge.com> веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерін бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы кодты ақылы түрде береді. Қызмет ақысына [opensource@lge.com](mailto:opensource@lge.com) мекенжайына электрондық хатпен сұрау жіберілгеннен кейін мұндай үлестіруді орындау құны (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) жатады. Бұл ұсыныс осы өнімді соңғы рет жібергеннен кейін үш жыл ішінде жарамды болады. Ұсыныс осы ақпаратты алған әр тұлға үшін жарамды болып келеді.



## Smart Diagnosis

Бұл мүмкіндік тек  немесе  логотипі бар үлгілерде қолжетімді.

Бұл мүмкіндікті құрылғыдағы мәселелерді диагностикалау және шешуде көмектесуі үшін пайдаланыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ


- LGE салақтығына жатпайтын себептер үшін қызмет келесідей сыртқы факторларға (бірақ олармен шектелмейді) байланысты жұмыс істемеуі мүмкін: Wi-Fi қолжетімсіздігі, Wi-Fi желісінен ажыратылу, жергілікті қолданбалар дүкенінің саясаты немесе қолданбаның қолжетімсіздігі.
- Бұл мүмкіндік алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қайда орналасқаныңызға байланысты басқа түрде болуы мүмкін.

### Дисплей панелі тоңазытқыш есігінде.

- 1 **Lock** түймесін басып, құлыптау функциясын белсендіріңіз.
  - Дисплей 5 минуттан ұзақ құлыптаулы тұрса, құлыпты алдымен өшіріп, содан кейін қайта белсендіруіңіз қажет.




- 2 Телефонды динамикке жақындатып ұстап тұрған күйі Freezer түймесін үш секунд бойы немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз.
- 3 Тоңазытқыш есігін ашыңыз да, телефонды жоғарғы динамик саңылауына ұстап тұрыңыз.



- 4 Деректерді тасымалдау аяқталғаннан кейін диагноз қолданбада көрсетіледі.

### Дисплей тақтасы тоңазытқыш есігінің ішінде

- 1 Тоңазытқыш есігін ашыңыз.
- 2 Eco Friendly түймесін басыңыз.
  - Егер есік 60 секундтан артық ашылса, есікті жауып, 1-ші және 2-ші қадамды қайталаңыз.
- 3 Телефонды жоғарғы динамикке жақын ұстаңыз.



- 4 Телефонды динамикке қарсы ұстап тұрғанда Freezer түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
- 5 Деректерді тасымалдау аяқталғаннан кейін диагноз қолданбада көрсетіледі.

### ЕСКЕРТПЕ

- Ең жақсы нәтижелер алу үшін үндер тасымалданып жатқанда телефонды жылжытпаңыз.

## Тазалау бойынша ескертпелер

- Құрылғының ішінен сөрени немесе тартпаны алған кезде, жарақаттанудың немесе құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін, сөреден немесе тартпадан барлық сақталған тағамдарды алыңыз.
  - Өйтпесе, сақталған тағамдардың салмағына байланысты жарақат алуыңыз мүмкін.
- Құрылғының сыртқы ауа желдеткіштерін шаңсорғышпен тазаласаңыз, электрондық бөліктеріне зақым келтіретін немесе электр тоғы соғу қаупін туғызатын статикалық зарядтың алдын алу үшін қуат сымын тоқтан ажырату керек.
- Сөрелері мен тартпаларын шығарып алып, оларды сумен тазалаңыз да, қайта салмас бұрын мұқият кептіріп алыңыз.
- Есік тығыздауыштарын жиі ылғал жұмсақ сүлгімен сүртіп тұрыңыз.
- Есік жәшіктеріндегі төгілген заттар мен іздерді тазалап тұру керек, себебі олар жәшіктің сақтау мүмкіндігін нашарлатады және тіптен зақымдауы да мүмкін.
- Тазалап болған соң, қуат сымы зақымдалмағанын, қызып кетпегенін немесе дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Құрылғының сыртқы жағындағы ауа желдеткіштерін салқын күйде ұстаңыз.
  - Ауа желдеткіштерінің бітелуі өрт туғызуы немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Жабдықтың сырт жағы үшін таза губка немесе жұмсақ шүберек пен жылы судағы жұмсақ химиялық тазартқыш құралды пайдаланыңыз. Жыратын немесе өткір тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ шүберекпен мұқият құрғатып сүртіңіз.

### САҚ БОЛЫҢИЗ!


- Құрылғының ішінен және сыртынан тазалаған кезде:
  - сымды, ыстық суды немесе тіс пастасын тазалауға қолданбаңыз;
  - тұтанатын заттар жуғышын: спирт (этанол, метанол, изопропил спирті, изобутил алкоголь, және т.б.), еріткіш, бензин, бензол, т.б. пайдаланбаңыз;

- абразивті немесе ағартатын затпен қамтитын жуғыш заттарды қолданбаңыз. Бұл ішкі корпус пен сыртқы жабынудың зақымдануына алып келуі мүмкін (жарылулар, қабыршықтанулар, түсін жоғалту).
- Сөрелерді немесе контейнерлерді ешқашан ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
  - Қызып кетуге байланысты бөліктерінің пішімі бүлінуі мүмкін.
- Жабдықта жарық диодты шам орнатылған болса, оны жөндеу немесе қызмет көрсету үшін шамның қақпағын және жарық диодты шамды алмаңыз. LG Electronics тұтынушыға ақпарат беру орталығына хабарласыңыз.

## Есіктегі жәшікті тазалау


### Тоңазытқыш есігінің жәшігін алу

Жәшіктің екі ұшын бірге ұстап тұрып, оны жоғары қарай тарту арқылы шығарып алыңыз.





### Тоңазытқыш есігінің жәшігін қайта бекіту

- 1 Есік жәшігінің екі шетін ұстап тұрып, құрастыру үшін бір шетін жайлап басыңыз да, одан кейін бірдей мәнерде басқа шетін құрастырыңыз.



- 2 Құрастырған соң, оны көлденеінен реттеу үшін есік жәшігін жайлап басыңыз.




### **⚠ ЕСКЕРТУ**

- Көкөніс тартпасын алып жатқанда ішінде сақталған азық-түлік салмағы жарақатқа себеп болуы мүмкін.

## **Сөрөні тазалау**

### **Тоңазытқыш сөресін алу**

Тоңазытқыш сөресінің артқы жиегін көтеріп, оны тартыңыз.



### **Көкөністер тартпасын қайта салу**

Көкөніс тартпасын алу процесінің кері ретімен қайта бекітіңіз.

### **Тоңазытқыш сөресін қайта орнату**

Сөрөні алу процесінің кері ретімен қайта бекітіңіз.


## **Көкөністер тартпасын тазалау**

### **Көкөністер тартпасын алу**

- 1 Тартпаның ішіндегі нәрселерді алыңыз. Көкөністер тартпасының тұтқасын ұстап тұрып, оны тоқтағанша толығымен сыртқа қарай тартыңыз.
- 2 Көкөніс тартпасын жоғары көтеріп, оны тартып шығарып алыңыз.


## Мұздатқыш тартпасын тазалау

- 1 Мұздатқыш тартпасының тұтқасын ұстап тұрып, оны тоқтағанша толығымен сыртқа қарай тартыңыз. Тартпаның ішіндегі нәрселерді алыңыз.
- 2 Мұздатқыш тартпасын жоғары көтеріп, оны тартып шығарып алыңыз.



## Мұздатқыш тартпасын қайта орнату

Жәшіктің шығыңқы бөлігін ① бағыттаушыға ② қарай орнатыңыз. Жәшікті тірелгенге дейін мұқият ысырыңыз.



### ЕСКЕРТУ

- Жәшіктер мен сөрелерді шығару кезінде қатты күш салмау қажет – бұл және олардың дұрыс емес шығарылуы немесе орнатылуы тоңазытқыштың ішкі бөліктерін зақымдауы мүмкін.
- Кепілдік тоңазытқыштың сақтау, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін бұзу, шамадан тыс физикалық күш қолданудан туындаған механикалық бүлінулерді қамтымайды (жарықтар, майысулар, ашу белгілері, т.б.)
- Тоңазытқышта жақсы ауа айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатқыш камерадағы жәшіктерді түбіне дейін тіреп қою керек.

